

Қорытындылай келе, әлеуметтік желілер жастардың саяси санасына күшті әсер етеді. Олар ақпараттық қолжетімділік пен азаматтық белсенділікті арттырса да, дезинформация, манипуляция және ақпараттық поляризация сияқты қауіптерді де тудырады. Сондықтан, жастар арасында медиа мәдениет пен ақпараттық сауаттылықты дамыту қоғам үшін стратегиялық маңызды мәселе болып табылады. Цифрлық саясаттың дамуы жастардың жаңа ақпараттық ортада дұрыс бағыт алуы үшін қажет. Жастардың саяси белсенділігі мен санасының қалыптасуы тікелей ақпараттық кеңістікке байланысты болғандықтан, бұл бағыттағы зерттеулер алдағы уақытта да жалғаса береді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Сидоров А.И., Мухарлямова А.Ю. Социальные сети и их влияние на молодежь [Электрондық ресурс] – Заманауи ғылыми технологиялар. – 2013. – № 7-2. - Қолжетімді: <file:///C:/Users/User/Desktop/%D0%9F%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%BD%D0%B0%D1%8F%202026/3431.pdf>
2. Kenesov A. Digital citizenship in the 21st century: Analyzing the impact of social media on youth political activism and civic engagement [Электрондық ресурс] – Eurasian Science Review, 2024. – p.5–18. Қолжетімді: <https://eurasia-science.org/index.php/pub/article/view/53>
3. Vikas Jain. The Role Of Social Media In Shaping Youth's Political Awareness. – [Электрондық ресурс] – JNRID. - January 2025, Volume 3, Issue 1. – p. 170-173. - Қолжетімді: <https://tjjer.org/jnrid/papers/JNRID2501015.pdf>
4. Айтымбетов Н.Ы. Цифрландыру жағдайында Қазақстандық жастардың саяси мәдениетінің өзгеруі / Цифрландыру және қазақстандық жастардың саяси мәдениеті: өзгерістер мен жаңа трендтер. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2023 – 322 б.
5. Арыстанова Ұ.О. Әлеуметтік желілердің жастар санасына әсері: TikTok, Instagram және медиа мәдениет. [Электрондық ресурс] – [bilimger.kz](https://bilimger.kz). –25.11.2025. Қолжетімді: <https://bilimger.kz/184597/>

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ САЯСИ КҮШІ: ФЕЙК ЖАҢАЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ БАСҚАРУ

#### Жұбаныш Р.Б

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Саясаттану оқу бағдарламасының студенті, Қазақстан  
e-mail: [rakhimajubanish@mail.ru](mailto:rakhimajubanish@mail.ru)  
Ғылыми жетекші: т.ғ.к, қауымдастырылған  
профессор Жумасұлтанова Г.А.

Қазіргі дәуірде ақпарат тарату жылдамдығы мен көлемі жағынан бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Әлеуметтік желілер (ӘЖ) жеке қарым-қатынас құралы болудан қалып, жаһандық саяси коммуникацияның басты аренасына айналды. Әлеуметтік желілер азаматтық белсенділікті және демократиялық қатысуды арттырады, адамдарға ашық түрде ақпаратпен алмасуға мүмкіндік береді. Алайда, осы цифрлық кеңістіктің осы артықшылықтарына қарамастан оның екінші, қауіпті қырлары бар. Соның ішінде, ӘЖ жүйелі саяси манипуляцияның, фейк жаңалықтардың (жалған ақпараттардың) және қоғамдық пікірді басқарудың тиімді құралына айналды. Бұл үрдіс әсіресе дәстүрлі медиаға сенімсіздік жоғары және ақпараттық сауаттылық деңгейі әлі де қалыптасу үстіндегі посткеңестік елдер үшін өте өзекті. Себебі бұл жағдай тек саяси науқандар кезінде ғана емес, қоғамның тұтас сенім жүйесіне нұқсан келтіруде.

Әлеуметтік желілердің саяси ықпалы қазіргі таңда үлкен жылдамдықпен өсуде, оны көрсету үшін келесі мәселелерге назар аударуға болады. Біріншіден қазіргі ғылыми салада әлеуметтік желілердің саяси күшінің артуы үш негізгі фактормен байланысты деп белгіленеді:

1. *Жедел мобилизация мүмкіндігі.* Әлеуметтік желілер – азаматтық белсенділік пен наразылықты ұйымдастырудың ең жылдам құралы. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) ресми рұқсаттарды күтпестен, кез келген мәселені, идеяны сағаттар ішінде жаппай таратуға жол ашады. Мысалы, "Твиттер төңкерістері" деген атпен танымал болған түрлі қоғамдық қозғалыстар ӘЖ-ді қолданудың күшін көрсетті. Тіпті сайлау науқандарында да ӘЖ-нің көмегімен саяси аутсайдерлер дәстүрлі медианы елемей, тікелей сайлаушыларға шығып, үлкен жетістіктерге жете алады.

2. *Саясаткерлердің тікелей байланыс алаңы.* Әлеуметтік желілер саясаткерлерге және көшбасшыларға өз хабарламаларын делдалсыз, яғни БАҚ сүзгісінен өткізбей, тікелей сайлаушыларға жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл олардың бейнесін өздері қалағандай қалыптастыруға, "шынайы" және "ашық" көшбасшы бейнесін жасауға жол ашады. Саяси коммуникацияның бұл жаңа форматы қоғамның белгілі бір топтарымен эмоционалды байланыс орнатуға және дәстүрлі медиа институттарының рөлін әлсіретуге ықпал етеді.

3. *Ақпараттың негізгі қақпасы ретіндегі рөлі.* Көптеген азаматтар үшін, әсіресе жастар үшін, жаңалықтар мен саяси ақпаратты алатын басты "қақпа" бұл әлеуметтік желілердің лентасы. Бұл үрдіс ӘЖ-ді қоғамдық дискурсты басқаратын негізгі күшке айналдырып, дәстүрлі медианы біртіндеп ығыстыруда. Осылайша, саяси пікірталастардың сапасы мен мазмұны енді әлеуметтік желілердің алгоритмдеріне тікелей тәуелді болады [1].

Екіншіден әлеуметтік желілердегі фейк жаңалықтар мен дезинформацияның жүйелі түрде таралуы, бұл қоғам сеніміне төнген қауіп және ӘЖ-дің саяси күшінің ең қауіпті көрінісі. Мысалы, жалған ақпараттар ақпараттық соғыстарға алып келеді және санаға әсер етеді. Бұл үдерістерді украиндық саяси технолог Г.Г. Почепцов зерттеген «ақпараттық соғыстар» контексінде қарастыруға болады. Оның тұжырымы бойынша, дезинформация кездейсоқ қателік емес, керісінше, саяси мүдделерді қорғау үшін қарсыластың немесе жаппай аудиторияның санасына жүйелі түрде әсер ету құралы ретінде қолданылады [2, б.145]. Фейктер - жай ғана «қате ақпарат» емес. Олар қоғамның институцияларға, БАҚ, үкімет, білім беру және құқық қорғау органдарына деген сенімін жойып, азаматтар арасындағы қарым-қатынастың тұтастығын әлсіретеді. Сенімнің бұзылуына алып келеді. Ол таңдау жасауды қиындатады, себебі адамдар қай ақпаратқа сенуге болатынын білмей, өз әлемін жеке «ақиқаттарға» байланыстырып алады. Бұл - поляризацияны, радикалдануды және әлеуметтік шиеленістерді күшейтеді.

Осы кезекте «Неге адамдар жалғанға тез сенеді?» деген сұрақ туады. Бұл психологиялық механизмдерге байланысты. Адамдар ақпаратты эмоция арқылы қабылдайды: қорқыныш, ашу, қуаныш - бәрі вирус тәрізді тарайтыны белгілі. Осыны қарапайым логика арқылы түсіндіруге болады. Егер ақпарат сенімді әрі тез келсе - оңай тарайды. Сонымен қатар, «достар бөліскен» деген фактор сенімділік деңгейін айтарлықтай өсіреді және әлеуметтік дәлел әсер етеді. Сол себепті тролльдер мен боттар эмоцияны қоздыратын контент арқылы аудиторияны баурайды.

Дезинформация қоғамдық саяси шешімдерге әсер етуі әбден мүмкін. Бұл сайлау процесінде пандемия кезінде денсаулық сақтау шараларына сенбеуде, экономикалық тұрақсыздыққа байланысты паникада мұның бәрі нақты зиян келтіреді. Сонымен қатар жеке адамдар мен топтар атынан жалған ақпарат таратылып, бедел жойылып, кейде заң арқылы да күресу керек жағдайлар туындайды. Дезинформацияның қоғамдық саяси шешімдерге әсерін тоқтату үшін ақпараттық сауаттылық мәселесін қолға алу өте маңызды. Ақпараттық сауаттылық бұл тек білім беру мәселесі ғана емес. Тілдік фактор, ақпараттық арналардың шоғырлануы, ресми және бейресми көздердің арақатынасы бәрі бірге жұмыс істейді. Сондай-ақ, аймақтағы транзиттік ақпарат ағымы (шетелдік медиа, көрші елдерден келетін контент) жергілікті аудиторияға ықпал етеді. Сондықтан жауап тек технологиялық немесе құқықтық шаралардан тұра алмайды: мәдени, білім беру және азаматтық бастамаларда қажет.

Келесі мәселе ол әлеуметтік желілердің алгоритмдік ықпалы және оның жылдам ақпарат таратуы. Массачусетс технологиялық институтының (MIT) зерттеуі көрсеткендей, жалған жаңалықтар Twitter (қазіргі X) желісінде нақты ақпаратқа қарағанда алты есе жылдам таралады. Себебі: - "Эмоциялық триггер": Алгоритмдер ашу, қорқыныш, таңданыс сияқты күшті эмоция тудыратын контентті (көбіне жалған) басымдықпен көрсетеді:

- "Эхо-камера": Пайдаланушылар өздерінің пікірлерін ғана қуаттайтын ақпараттарды оқып, қоғамның поляризациясы (екіге бөлінуі) күшейеді.

- "Тролльдер фабрикасы": Арнайы ұйымдастырылған "пікір әскерлері" (боттар мен тролльдер) жасанды белсенділік танытып, қоғамдық пікірді белгілі бір бағытқа бұруға тырысады [3].

Фейк жаңалықтардан бөлек, саяси технологиялар әлеуметтік желілер арқылы қоғамдық пікірді басқарудың күрделі және көпқырлы тәсілдерін іске асырады. Қоғамдық пікірді басқарудың бірнеше әдістері бар. Бұл әдістердің басты мақсаты аудиторияның ойлау бағытын, сезімін және қабылдау қабілетін көзге көрінбейтін жолмен бақылау. Орыс ғалымы С.Г. Кара-Мурза зерттеген "сананы басқару" ұғымы адамдардың еркін таңдау мүмкіндігін шектеу арқылы шешім қабылдау процесіне әсер етудің негізгі құралы ретінде сипатталады [4, б.52]. Әлеуметтік желілер контексінде бұл әдіс "сүзгі көпіршігі" (Filter Bubble) және микротаргетинг технологиялары арқылы күшейтіледі. Пайдаланушының іздеу тарихы, қызығушылықтары мен эмоциялық реакциялары талданады. Соның негізінде оған дәл өзі естігісі келетін контент көрсетіледі. Нәтижесінде адам біржақты ақпараттық

ортада қалып, өз пікірін объективті деректерге емес, өз нанымдары мен эмоцияларына сүйеніп қалыптастырады. Бұл - манипуляцияның ең тиімді формасы, себебі ол байқалмай жүреді.

Сонымен қатар, микротаргетинг саяси жарнамада ерекше күшке ие. Себебі, әр қолданушыға жеке психологиялық портреті мен әлсіз тұсына сай хабарлама көрсетіледі. Біреу үшін бұл қорқынышқа негізделген ескерту, ал екіншісі үшін үмітке немесе патриотизмге сүйенген үндеу. Осылайша, қоғам жаппай бір бағытта ойлайды, бірақ әр адам оны өз шешімі деп есептейді.

Қоғамдық пікірді басқарудың тағы бір тиімді тәсілі нарративті ауыстыру. Саяси акторлар үшін қолайсыз немесе даулы тақырыптар пайда болған кезде, әлеуметтік желілерде әдейі басқа, бірақ эмоция тудыратын мәселелер трендке шығарылады. Мысалы, экономикалық қиындықтар немесе саяси сынның орнына, мәдени, тұрмыстық немесе «қоғамды бөле алатын» даулар алға шығарылады. Бұл әдіс адамдардың назарын шынайы маңызды проблемалардан бұрып, қоғамдық дискурсты бақылауға мүмкіндік береді. Ал жасанды түрде туындаған поляризация (қоғамның екіге бөлінуі) – билік пен манипуляторлар үшін тиімді құрал. Өйткені, бір-бірімен ұрысып жатқан қоғам билік құрылымдарына аз сұрақ қояды және нақты жауапкершілікті талап етпейді. Саяси коммуникацияда мұндай әдістер ақпараттық шуды күшейтеді.

Осы мәселеге байланысты ӘЖ-ді реттеу және медиасауаттылық қазіргі таңдағы өзекті мәселе. Себебі әлеуметтік желілердің саяси ықпалы тек саясаткерлер мен билік институттарының емес, бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың мәселесі. Цифрлық кеңістіктегі саяси процестер енді тек парламентте немесе митингте емес, біздің гаджеттеріміздің экранында қалыптасады. Сол себепті, бұл кеңістікті басқару емес, түсіну және жауапкершілікпен пайдалану мәдениетін қалыптастыру үшін маңызды. Сонымен қатар, платформалардың жауапкершілігінде маңызды. Әлеуметтік желі компаниялары тек ақпарат таратушы емес - олар қоғамдық пікірдің архитекторы. Сондықтан олардың жалған ақпаратты сүзу, боттар мен тролльдік желілерді анықтау, сондай-ақ алгоритмдердің қоғамға әсерін ашық ету жөніндегі жауапкершілігін арттыру қажет. Платформалар өз алгоритмдерінің жұмысын жария түрде түсіндіріп, қолданушыларға не себепті белгілі бір контент ұсынылатынын ашық көрсетуі тиіс. Бұл манипуляцияны азайтып, ақпараттық ашықтықты арттырудың басты шарты. Сонымен қатар, жарнама мен саяси контенттің нақты белгіленуі және қаржыландыру көздерінің ашықтығы да сенім мәдениетін қалыптастырады.

Мемлекет үшін басты міндет - ақпараттық қауіпсіздік пен сөз бостандығының тепе-теңдігін сақтау. Дезинформацияға қарсы заңнамалық шаралар азаматтардың еркін пікір айту құқығын шектемеуі керек. Бұл тұрғыда халықаралық тәжірибеге сүйену маңызды. Мысалы, Еуропалық Одақта платформаларға қатысты «Digital Services Act» тәрізді ережелер қабылданған, ол фейк жаңалықтармен күрес кезінде құқықтық және этикалық шектеулерді сақтауға мүмкіндік береді [ 5].

Қазақстан үшін де осындай теңгерімді құқықтық база қажет - онда фейктермен күрес тек жазалау құралы емес, қоғамның ақпараттық иммунитетін нығайту тетігі ретінде қарастырылуы тиіс. Ең маңызды және тұрақты қорғаныс құралы - медиасауаттылық. Бұл тек білім саласының міндеті емес, бүкіл қоғамның мәдени дағдысына айналуы қажет. Қазақстандық сарапшылардың пікірінше, жалған ақпаратқа қарсы ең тиімді қорғаныс - әр азаматтың сыни ойлау қабілетін дамыту және фактчекинг дағдыларын меңгеруі. Медиасауаттылық бағдарламалары мектептер мен университеттерде жүйелі түрде енгізілуі керек. Оқушылар мен студенттерге тек ақпаратты іздеу емес, оны талдау, дереккөзді тексеру, эмоционалды манипуляцияны тану сияқты дағдылар үйретілуі қажет. Сонымен қатар, қоғамда ерікті түрде ұйымдастырылған медиа-тренингтер мен қоғамдық жобалар (мысалы, жастарға арналған фактчекинг клубтары, подкасттар, онлайн курстар) арқылы бұл дағдыны күнделікті тәжірибеге айналдыруға болады [6, б.18].

Технология, ӘЖ дамыған заманда медиасауаттылық өте қажет. Әлеуметтік желілердің саяси күші - бұл заманауи демократияның негізгі дилеммасы. Мәселенің ауқымын статистикалық деректер де растайды: 27 елде жүргізілген сауалнама бойынша, респонденттердің 48%-ы жалған жаңалықтарға алданып қалғанын мойындаған. Сондай-ақ, жаһандық пайдаланушылардың 10-нан 6-ға жуығы (59%) интернеттегі ақпараттың шынайылығына алаңдайды [7]. Бұл қауіп-қатерлерді азайту үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Соның ішінде:

1. Платформалардың жауапкершілігі: Желі компаниялары контент модерациясын күшейтуге, фейк аккаунттарды анықтауға және алгоритмдердің ақпараттық поляризацияға әкелетін әрекеттерін өзгертуге міндетті.

2. Медиасауаттылық – Ең негізгі шешім: БҰҰ мәліметтері бойынша, жастардың 80%-ы онлайн дезинформацияның ықпалына алаңдайды [7].

Демек, ең маңыздысы азаматтардың медиасауаттылығын арттыру. Әрбір қолданушының ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға, дереккөзді тексеруге және эмоцияға берілмей, фактілерге сүйене

отырып шешім қабылдауға үйренуі маңызды.Болашақта саяси тұрақтылық пен демократиялық процестердің тиімділігі біздің осы цифрлық ақпараттық кеңістікті қалай басқара алатынымызға тікелей байланысты болмақ.

Қазіргі цифрлық дәуірде ақпарат тек мәлімет емес, ол билік пен ықпалдың негізгі ресурсына айналды. Әлеуметтік желілер адамдардың күнделікті өміріне енген сайын, олар қоғамның ой-пікірі мен шешім қабылдау процесіне бұрын-соңды болмаған деңгейде әсер ететін құралға айналды. Фейк жаңалықтар мен дезинформация, микротаргетинг пен сүзгі көпіршіктері, нарративті ауыстыру және эмоционалды манипуляция әдістері тек ақпарат таратудың қарапайым формасы емес, саяси және идеологиялық ықпалдың стратегиясы. Бұл құралдар арқылы адамдар өз шешімдерін тәуелсіз қабылдаймын деп ойлайды, бірақ шын мәнінде олардың санасы алдын ала есептелген сценарийлерге бағынып, шынайы деректерді қабылдау қабілеті әлсірейді.

Қазақстан контекстінде бұл әсіресе маңызды, өйткені аудиторияның ақпараттық сауаттылығы төмен, ал әлеуметтік желілер негізгі ақпарат көзіне айналған. Жалған ақпарат тек саяси процестерге ғана емес, әлеуметтік тұрақтылыққа, мәдени диалогқа және азаматтардың бір-біріне деген сеніміне де әсер етеді.

Қоғамдық пікірді басқару әдістері өте күрделі және көпқырлы. Алгоритмдер арқылы жасалған жеке ұсыныстар, эмоцияға негізделген хабарламалар және шынайы мәселелерді байқатпай ауыстыру арқылы адамдардың назарын бақылауға болады. Мұндай тәсіл қоғамның біртекті, бірақ поляризацияланған топтарға бөлінуіне және рационалды талқылаудың әлсіреуіне әкеледі. Ақпараттық фонды қайта кодтау, нарративті ауыстыру және контексттен ажыратылған деректер - бұл манипуляцияның ең тиімді формалары, себебі олар байқалмай жүзеге асады, ал олардың зияны тек уақыт өте көрінеді. Осы күрделі мәселелерге қарсы күрестің тиімді жолы тек технологиялық немесе құқықтық шараларда ғана емес.

Әлеуметтік желілердің алгоритмдік ашықтығы мен есептілігі, жалған ақпаратты сүзу және боттарды анықтау міндеттері платформа жауапкершілігінің басты құрамдас бөлігі. Мемлекет ақпараттық қауіпсіздік пен сөз бостандығының тепе-теңдігін сақтай отырып, жүйелі заңнамалық шараларды енгізуі тиіс. Бірақ ең басты қорғаныс — азаматтардың медиасауаттылығы. Ақпаратты талдау, дереккөзді тексеру, эмоциялық манипуляцияны тану және сыни ойлау – бұл ХХІ ғасыр адамының өмірлік дағдылары болуы тиіс. Азаматтар тек осы қабілеттерді меңгерген кезде ғана қоғам цифрлық кеңістіктегі фейктер мен дезинформацияға қарсы тұрақты иммунитетке ие болады.

Сонымен бірге, цифрлық ақпарат кеңістігіндегі басты құндылық ол сенім. Сенім жоғалған жерде демократия әлсірейді, манипуляция күшейеді, ал қоғам тұрақсыздыққа бейім болады. Сол себепті мемлекет, медиа және азаматтық қоғам бірлесе отырып, ақпараттық кеңістікті тек бақылап қана қоймай, оны саналы түрде басқаруы тиіс. Ақпаратпен саналы қарым-қатынас орнату арқылы әлеуметтік желілер қауіпті құрал емес, қоғамды біріктіретін және демократиялық дамуды қолдайтын қуатты ресурсқа айнала алады. Бұл - тек стратегия емес, ХХІ ғасыр азаматтарының өмірлік қажеттілігі.

### Әдебиеттер тізімі

1. Сұлтанбаева Э.С. Әлеуметтік желілердің қызметі: әлеуметтік-саяси құбылыс және қоғамдық феномен – [Электрондық ресурс] – URL:<https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/61202/132/3/0/2016//>
2. Почепцов Г. Г. Информационные войны: новый формат. – М., 2015. – 256 б.
3. Vosoughi S., Roy D., Aral S. The spread of true and false news online – [Электрондық ресурс] – URL:<https://www.science.org/doi/10.1126/science.aap9479> (Қолданылған күні 15.11.2025)
4. Кара-Мурза С. Г. Манипуляция сознанием. Алгоритм.– М., 2000. – 464 б.
5. Digital Services Act (DSA): Regulation (EU)2022/2065 – (Электрондық ресурс) – URL:<https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=CELEX:32022R2065> (Қаралған күні: 17.11.2025)
6. Есентаева Ж. А. Қазақстандағы жаңа медиа және әлеуметтік желілердің қоғамдық пікірге әсері – Алматы, 2021. – 25 б.
7. UNESCO & Ipsos Global Survey [Электрондық ресурс] – URL:[https://www.unesco.org/sites/default/files/medias/fichiers/2023/11/unesco\\_ipsos\\_survey.pdf](https://www.unesco.org/sites/default/files/medias/fichiers/2023/11/unesco_ipsos_survey.pdf)